

лық нысанасын көркемдік дамудағы дәстүр және жалғастық арнасында зерделеген Р.Нұрғалиевтің «Өнер алды-қызыл тіл», «Өнердің эстетикалық нысаны. Көркемдік дамудағы дәстүр мен жалғастық», З.Серікқалиев, Э.Серікқалиеваның «Ақыл таразысы» еңбектерінің де зерттеу әдістері тың болып табылады.

Р.Нұрғалиевтің жоғарыда аталған зерттеулерінде өнердің эстетикалық категориялары ұлт және әлем әдебиетінің озық үлгілері негізінде сараланып, көркемдік үрдістің ортақ заңдылығы мен ұлттық сипаттан туындайтын ілкі қасиеттері әдеби дамудағы дәстүр және жалғастық арнасында жан-жақты қарастырылады.

Еңбектегі «Қазақ сынында, әдебиет тануда қолданылатын көптеген терминдер әр түрлі кезеңдерде жасалды. Шендестіру, дамыту, түйдектеу, бүкпелеу, көріктеу, меңзеу, әсірелеу, ауыстыру, кейіптеу, пернелеу, баяулату, дамыту, теңеу, айқындау, тармақ, шумақ, бунақ, ырғақ, тәрізді терминдер ана тілінің ішкі мүмкіндіктері негізінде 20-жылдарда жасалса, форма, стиль, сюжет, композиция, фоника, фабула, жанр секілді интернационалдық терминдер өзгеріссіз алынды» [11,168] деген пікір көп нәрсені аңғартады. Ал, «Өнердің эстетикалық нысанасы» еңбегінде қазақ әдебиет теориясында өз деңгейінде қарастырылмаған әрі нақты зерттеу өзегіне алынбаған өнердегі эстетикалық категория прозадағы драматизм сараланды. Ал З.Серікқалиев, Э.Серікқалиеваның «Ақыл таразысы» еңбегінің «Дүние тану даналығы»

бөлімінде әлем және адам, өмір мен өнер, ғылыми және көркемдік танымның даралық сипаттары, әлемдік мәдениеттер тоғысының адамзаттың ортақ рухани қазына тұрғысындағы маңызы, өнер туындыларының философиялық, эстетикалық мәнінің танымдық қуаты кеңінен сараланса, «Өнер өрнегі» бөлімінде қазіргі қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері қарастырылды.

Қорыта айтқанда, бұл тұста сын мен ғылым, теория мен эстетика тығыз тоғысқан өрелі мақалалар мен күрделі зерттеулерде сөз өнерін саралау мен талдаудың келелі арналары барынша ұлғайып, қазақ әдебиетінің сан алуан теориялық мәселелеріне арналған еңбектер жарық көрді. Оларда әлемдік әдебиеттің ажырағысыз бөлігі ұлттық сөз өнерінің жанрлық түрленуінің болмысын ауқымды қарастыру мен саралауда маркстік-лениндік ілім аясында типологиялық, герменевтикалық әдіс-тәсілдерді ұштастыра қолдану тәжірибесі де шығармашылық тұрғыдан кеңінен игерілді. Соның ішінде қазіргі қазақ романдарының сюжет пен композициясы, поэтикасы, типтік характер, көркемдік даму мен дәстүр жалғастығы, қазіргі қазақ романы, тарихи роман, өнердің эстетикалық нысанасын көркемдік дамудағы дәстүр және жаңашылдық тұрғысынан саралауда күрделі еңбектер жазылды. Сонымен қатар әдебиет теориясының оқулығы, әдебиет пәнін оқытуды талдаудың әдістемелік оқу құралдары және көмекші құралдарының зәрулігін өтеуде маңызы зор еңбектер жарияланды.

Әдебиеттер

- 1 Тұрбеков А. Реалистік роман және типтік характер. - Алматы: Ғылым, 1970. - 204 б.
- 2 Елеукунов Ш. Казахский роман и современность. - Алма-Ата: Жазушы, 1968. - 219 с.
- 3 Ахметов З. Современное развитие и традиции казахской литературы. - Алма-Ата: Наука, 1978. - 328 с.
- 4 Майтанов Б. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. - Алматы: Ғылым, 1982. - 148 б.
- 5 Қирабаев С. Тәуелсіздік рухымен. - Астана: «Фолиант», 2002. - 504 б.
- 6 Алпысбаев Қ. Тарихи шығарма: таным және көркемдік. - Алматы: Ғылым, 1999. - 281 б.
- 7 Серікқалиев З. Жылдар сазы. Әдеби-сын зерттеу. - Алматы: Жазушы, 1971. - 216 б.
- 8 Ауэзов М. Времен связующая нить. - Алма-Ата: Жазушы, 1972. - 134 с.
- 9 Бердібаев Р. Қазақ романы. - Алматы: Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1975. - 48 б.
- 10 Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. - Алматы: Мектеп, 1970. - 379 б.
- 11 Нұрғалиев Р. Өнер алды-қызыл тіл. - Алматы: Мектеп, 1974. - 172 б.

References

- 1 Turbekov A. Realistik roman zhane tiptik harakter. - Almaty: Fylym, 1970. - 204 b.
- 2 Eleukenov Sh. Kazahskiy roman i sovremennost'. - Alma-Ata: Zhazushy, 1968. - 219 s.
- 3 Ahmetov Z. Sovremennoe razvitie i traditsii kazahskoy literatury. - Almaty: Nauka, 1978. -328 s.
- 4 Maqtanov B. Kazakh prozasyndary zamandas beynesi. - Almaty: Fylym, 1982. -148 b.
- 5 Kirabaev S. Tauelsizdik ruhy men. - Astana: «Foliant», 2002. - 504 b.
- 6 Alpyysbaev Q. Tarihi shygharma: tanym zhane kerkemdik. - Almaty: Fylym, 1999. - 281 b.
- 7 Serikqaliev Z. Zhyldar sazy. Edebi-syn zertteu. - Almaty: Zhazushy, 1971. - 216 b.
- 8 Auezov M. Vremen svyazuschaya nit'. - A-A.: Zhazushy, 1972. - 134 s.
- 9 Berdibaev R. Kazakh romany. -Almaty: Kazakh SSR «Bilim» qogamy, 1975. - 48 b.
- 10 Qabdolov Z. Edebiyet teoriyasynun negizderi. - Almaty: Mektep, 1970. - 379 b.
- 11 Nurgaliev R. Oner aldy-kyzyl til. - Almaty: Mektep, 1974. - 172 b.

ӘОЖ 37.013

П.К. Юсуп

ҚазМемҚызПУ-дың аға оқытушы, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: Farhat.Yusup.70@mail.ru**М. Мағауиннің «әдепкі әңгімелер» циклі**

Мақалада қазақ әдебиетінің классигі, қайраткер-жазушы М. Мағауиннің соңғы жылдары жарық көрген прозалық шығармалары тақырыптық, стильдік және көркемдік жағынан қарастырылады. Жазушының шығармашылық лабораториясына тарихи тұрғыда талдау жасай отырып, қазақ прозасының бүгінгі күнге дейінгі даму жолын, қоғамдық, әлеуметтік құбылыстардың әдеби үрдіске ықпалын, сондай-ақ қазіргі қазақ әңгімелерінің тақырып аясы мен көркемдік, стильдік ерекшеліктерін қарастырады. Қазақ әдебиетінің дамуына өзіндік үлес қосқан М. Мағауиннің «әдепкі әңгімелер» цикліне енген шығармаларын тақырыптық жағынан талдау барысында, ауыл мәселесінің көтерілу маңызын ашуға талпыныс бар. Қазақ әдебиетіндегі «ауыл прозасының» көтерген жүгін, ұлт руханиятының кемелденуіндегі рөлін, автор тілінің ұлттық, көркемдік сипатын ғылыми тұжырыммен берген. Мақалада қаламгердің көркем ой қуатының жалпы әдеби үрдіске тигізген әсері дәйектелген.

Түйін сөздер: көркем әңгіме, ауыл прозасы, әдеби үрдіс, көркем форма, әдеби әлем.

P.K. Yusup

The cycle of M. Magauins «orainary tales»

In this article analyse the projects of Kazack literature classic, heroes writer which, is written in the ends of M. Magauin life. And article analyse of sides such us theme style. The article analyse with the history send and consider the way development Kazack prose, social victims that infunce to the processe of Kazack literature, so that the article analyse the average and style of Kazack stories. When analyse the stories which calls «orainary tales» that enter to the scilm project, it helps to discuse about village problems. Its about of projets which wrote M. Magauin. In this stories there are many subjects which about village prose. And it says that village prose is very difficult. In this article words of writen is very beautiful and effection.

Keywords: artistic tales, viliage prose, literature process, artistic form, the world of literature.

П.К. Юсуп

Цикл «обычных рассказов» М. Мағауина

В данной статье анализируются последние рассказы известного классика современной казахской литературы, писателя Мухтара Мағауина. М. Мағауин, пришедший в казахскую литературу в середине 60-х годов XX века, является одним из признанных классиков казахской литературы, внесшим свой огромный вклад в развитие казахского литературоведения. Он известен своими историческими произведениями «Аласапыран», «Көкмунар», и т.д. По тематике его произведений в последние несколько лет были опубликованы ряд статей, где его произведения были рассмотрены в различных аспектах. И поэтому в данной статье предпринята попытка выявить и описать основные парадигмы цикла «обычных рассказов» М. Мағауина, именно как единого по своей эстетике текстового пространства. В статье также определено влияние его прозаического мышления к общему литературному процессу. Следует также сказать, что статья требует дальнейшего изучения, исследования с учетом фактора развития современного общества и появления новых научных концепций и теорий писателя, его философского звучания в рассказах.

Ключевые слова: художественный рассказ, деревенская проза, литературный процесс, художественная форма, литературный мир.

XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап әдебиетке келіп, біразы бүгінгі қазақ әдебиетінің классигі дәрежесіне көтерілген бір шоғыр қаламгерлердің ішіндегі өзіндік стилі мен қалам қарымының қуатымен танылған жазушының бірі – Мұхтар Мағауин. Әдебиеттану ғылымының кемелденуіне, қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу ісіне де айтарлықтай үлес қосып, ғылыми тұжырымдарымен де танылған оның әдебиет айдынындағы үлкен есімі тарихи тақы-

рыпқа жазылған («Аласапыран» романы), коммунистік қоғамның әлеуметтік мәселелерін көтерген («Көкмунар» романы, «Қара қыз» повесі), ғасырлар тоғысындағы қазақ халқының күйін суреттеген («Шахан шері», «Сары қазақ» романдары) көлемді туындылары мен әр түрлі тақырыпта жазған әңгімелерімен танылды.

Қазақ әдебиеттану ғылымы кеңестік билік тұсында өз нысанасын негізінен саяси идеология өлшемімен қарады. Кез келген мұра таптық

қалыпқа салынып, социалистік мұраттарға қатысы барлығы, әлде жоқтығы жағынан қарастырылды. Сол қоғамның эстетикалық бейнесінің өлшеміне айналған социалистік реализм қағидасы кез келген көркем туындының негізгі қалыбын қалыптастырды. Сол себепті де, қаламының желі бар, көркем ойлау қарымы өзгеден артық тұрған көптеген сөз зергерлері өз кезеңінің шындығын айтуға құрылған шығармалар жазудан қашқақтап, аз да болса шығармашылық еркіндікке мүмкіндік беретін тарихи тақырыптарға ойысты. Қазақ әдебиетіндегі, жалпы кеңес әдебиетіндегі бұл үрдіс әдебиеттің тақырыптық, көркемдік тұрғыда дамуына айтарлықтай әсер еткені де белгілі.

Тырнақалды туындыларымен - ақ әдебиеттанушылар, сыншылар мен қалың оқырманды елең еткізген М.Мағауин де осы үрдістен ауытқып кете алмады. Қайта оның қаламынан туған тарихи тақырыптағы көркем дүниелер қазақ әдебиетінің жауһарлары қатарына қосылып, кейінгі әдебиеттің даму барысында бағдар болатындай деңгейге көтерілді.

Жалпы, М.Мағауиннің шығармашылығы туралы әр кезеңдерде әр түрлі мазмұндағы бағалар берген сыншы, зерттеушілер баршылық. Оның сыртында ол ең әділ сыншы – оқырманның оң бағасын алған бүгінгі қазақ әдебиетінің ақсақалы дәрежесіне жеткен дегдар мінезді жазушы. Сондықтан біз жазушының ілгерідегі шығармаларын қоя тұрып, ХХІ ғасырдың басынан бері жазған әңгімелерінің көркемдігі мен ондағы көтерілген тақырып аясына тоқталмақпыз.

Әдебиеттанушы ғалым А.Нұрқатовтың «Реализмнің тарихы көркем идеялардың, әралуан сюжет пен қилы-қилы характерлердің бұрқырай жаңғырып отыратындығын сипаттайтын мысалдарға кенде емес. Сонымен бірге бұл – көркемдік формалардың да жаңғырып, жаңадан жасалып отыруының тарихы. Бұл жалаң абстракция емес. Өйткені, ол әрбір ірі жазушының шығармашылығында жаңашылдық сипатқа ие болады» деген пікірі М.Мағауиннің шығармашылығына тікелей қатысты сияқты болып көрінеді. [1, 378-379].

«Әйгілі жазушы М.Мағауиннің тәуелсіздік жылдарда жазған жаңа тұрпаттағы шығармалары көркемдік әлемді игерудің тың арнасын қалыптастырып, ұлттық рухты сілкіндіретін өзгеше дүбірлі құбылысқа айналып отыр. Әлемдік әдебиетке түрік рухының тыныс-демін әкелген классик жазушының әсіресе соңғы кезде жазған кез келген шығармасы формалық

тұрғыдан мүлде күрделі, әдіс-тәсілі тосын. Өйткенмен бұл туындылардың арғы қатпарында, терең діңінде халық мұрасының құнарлы да айшықты белгілері мол болғандықтан оқырманды тылсым табиғатымен қызықтырып баурап алады. Ең негізгі бір ерекшелік – бұл шығармалар ақиқатпен әдіптеліп, шындықпен суарылған. Сол себептен де ХХІ ғасырдағы деректілік пен нақпа-нақ ақпаратты талап ететін жаңа буын оқырманның сұранысына жауап беріп отыр» [3] дейді әдебиет зерттеушісі А.Тойшанұлы.

Жазушының екімыңыншы жылдардан бері баспа бетінен шыққан, әр түрлі мерзімді баспа-сөздерде жарық көрген ірілі-ұсақты жиырма шақты әңгімелері бар. Олардың тақырыбы мен көтерген мәселелері де әр алуан. Кеңестік империя ыдырап, әр ұлт өз қамын күйттеп кеткен елара шақтағы қазақ қоғамы, бүгінгі жастар психологиясы, өткен өмір шындығы, сананы тұрмыс билеген замандағы адами құндылықтар өлшемі т.б. әдеби шығарманың тақырыбына жүк болатындай күрделі мәселелер М.Мағауин әңгімелерінің негізгі арқауы болып келеді.

Жалпы М.Мағауин шығармаларына тән ерекшелік – шыншылдық. Қаламгер нені суреттесе де, қандай бейне сомдаса да әсіре ұраншылдыққа, жалғандыққа бармайды. Қайта ақиқат шындықтағы өмір тартысы мен тіршіліктің мәні көркем оймен жымдасып, кей тұстарда параллель дамып, бірін-бірі толықтырып отырады. Жазушының «Бір үзік сәуле», «Екеу», «Қылмыс», «Эльза жеңешем» және «Күмбез» т.б. сияқты «әдепкі әңгімелерінің» тақырыбы біз күнделікті көріп жүрген, немесе көзіқарақты жанды ойландырмай қоймайтын қоғамдық түйткіл мәселелерді қамтиды. Уақыт шындығын кестелі сөз, көркем бейнемен тап басып суреттей білген жазушының әдебиет тарихында өзіндік ерекшелігімен көрінген кең тынысты тарихи шығармалармен қатар күнделікті, әдепкі саналатын өмір құбылыстарын бейнелейтін осы бір қысқа әңгімелері бүгінгі прозаның көркемдік деңгейін көтеруге қосылған үлес екендігі сөзсіз. Бақай есеп пен бас пайданың қос тізгініне қос қолдап жабысқан қала «ақжағалысы» мен даланың дархан мінезді, табиғаты тарпаң кең қолтық қазағының контрастілі бейнесі, қазіргі жаһандану үрдісінің жемісі – нигилизм мен космополитизмнің асық үлгісі ұлт «сілімтіктерінің» (подоноктардың) жиіркенішті бейнесі де жазушы әңгімелерінде нанымды суреттеледі.

Қалтасы тоқ, қолы ұзындардың өз ата-бабаларының батыр, би, көсем болғандығын дәлел-

деп, оған ел-елде ауыл, көше аттарын алып беру үшін қызыл кеңірдек таласқа түскен «ұлы науқанды» уытты да өткір тілмен, терінді тіліп, сүйегіне дейін осып өтер әжуә-мысқылмен суреттеген қаламгер «...Бұл Сылан молдамыз арыда қызыл белсенді болған. Қаншама жұртты қан қақсатқан. Содан соң Іңкібиді, Імгібінің есігін күзеткен. Сыртынан көрсетіп, жала жауып ұстатып, талай боздақтың сорын қайнатқан. Одан соң колхозда біргәді. Совхозда қара жұмысшы. Алайда, міліса аты қалмапты. Енді міне, зейнетке шыққан соң, ең бастысы, тәуелсіздікке қол жеткен соң молда болып алыпты. Әрі өткендегі күнәсі жуылады, әрі күнделікті тіршілігіне талғажау табады. Жай ғана молда емес, ауылдың құрметті ақсақалы» [2, 272-273] деп кешегі атеист коммунистердің бүгінгі пірәдар сопыға айналу процесін халық трагедиясымен, ұлттың қасіретті тарихымен астарлатып береді.

М.Мағауин шындықты, құбылысты, олардың ішкі мәнін мейлінші жіті көре білген, ерекше нәзік талғаммен сезіне білген, әрі оны жеткізіп суреттей алған жазушы. Ел мен жер, отан тарихын қайта жазу, өмір шындығы мен тарихи оқиғалардан ауытқымай тек ақиқатқа жүгіне жазу науқаны кезіндегі қарадай әсіреқызылдық пен жалған атақ-даңққа ұмтылудың келеңсіз көріністері мен өзімшіл, аяр, шалақ ойлы пенделердің оспадар тірліктерін жазушы «...Осындай да сұмдық болады екен. Болады. Болып жатыр. Төбесі бір ауыл көлемінде ғана көрініп тұрған күмбүзіңіз не, атырап, аймақ, бүкіл елге әйгі көк кесене, ақ сарайлар салынып жатыр. Болмаған аталардың жасамаған ұлы істеріне айғақ ретінде. Тілсіз, дымсыз құрылысыңыз тұрыпты, том-том кітаптар жазылып қойды. Болмаған батырлардың басқа бір бабалар жасаған ерлігіне иелік туралы. Ақ селеуді алып еменге, қара қойшыны қайтпас қаһарманға айналдырған. Ауыл, аудан, аймақ емес, ел көлемінде тойланып жатқаны бар. Алды мектеп оқулықтарына еніп те кетті. Ресми тарихқа тіркелді» деп, қатты ашу, ащы ызамен жаза келіп, «Біздікі сол, жарты аяқ қара көженің буынан өрбіген кенеусіз көп өтіріктің кішкентай ғана бір тармағы» [2, 274] деп, «бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ» айтпасқа болмайтын дүниені айтпай тұра аламайтын мінезін танытады. Ал оның көркем тілдің стихиясын, сөз сырын сезінуі тіпті айрықша күшті. «Эльза жеңешем» әңгімесіндегі соғыстан аман келгенмен, бейбіт өмірдегі жазалаушы органдардың зорлығына шыдамай өзіне өзі қол салған кейіпкердің жалғыз ағаш бұтағына асылып

тұрған аянышты өлімін «...Күп болып іскен, екі көзін, бет-аузын қарға шоқып тастаған екен дейді. Бірақ еш жері ауырмаса керек. Ауырғанын сезбесе керек» деп суреттей келе, «Бар азаптан құтылды!» - деді үлкен ағам. «Жігіт-ақ екен!» - деді Кенже ағам». «Иманы жолдас болсын!» - деді атам» [2, 250] деп кейіпкерлердің репликалары арқылы олардың ұлттық сөйлеу ерекшеліктері мен мінез-өзгешеліктерін, заман аужайына, уақыт шындығына қарай адам өлімінің өзінен адамдық қасиет іздеген дала мінезінің сабырлылығын көрсетеді.

М.Мағауин шығармаларындағы кейіпкерлер бейнесінің басты ерекшелігі сол, жазушы өзі сомдаған әр бейненің бойына ешкімге ұқсамайтын даралық қасиеттерді сыйғыза білген. Мейлі ол қоғамның бір мүшесі ғалым, студент, малшы болсын, мейлі шығарма кейіпкеріне айналған «өзі» болсын жоғарыда айтылған даралық қасиеттерімен ерекшеленеді. М.Мағауиннің кейіпкерлер галереясы шындық өмірдің қайнаған ортасынан шыққан өз заманының нақты адамдары бейнелерінен тұрады. Сол кейіпкерлер қатарын қарап отырсаңыз көңілі күдікті кемелді («Қылымыстағы» Алпамыс), көкейі күңгірт құмбылды («Екеудегі» жаңа қазақ), бар айласы бас пайдасынан аспайтын нәмартты «Күмбездегі» Білгір Бекен), надандығы нар жығатын көркеуде («Подоноктағы» Сілімтік) мен жақыны үшін жанын берген жанкештіні де көрер едіңіз.

Көркем бейне жасаудағы жазушының тағы бір ерекшелігі оның түрлі көркемдік әдістерді қолдана білуінде. Мысалы, «Күмбез» әңгімесіндегі Білгір Бекеннің бейнесі бірде оның өз қимыл-әрекеті, сөйлеген сөзі, ойы арқылы беріліп отырса, бірде авторлық баяндау, енді бірде ауылдас-туыстың ішкі монологу, сөйлеген сөзі, Бекенге деген көзқарасы арқылы, енді бірде оның ата-бабасы туралы ел аузындағы аңыз ретінде беріледі.

М.Мағауиннің әдеби-эстетикалық көзқарасы да жүйелі. Бұл әрине бүгінгі күннің жаңалығы емес. Десе де әдеби әлемнің еңселі қақпасынан сыналап еніп келе жатқан қазіргі жас оқырман үшін Мағауин әлемінің, оның көркем де шұрайлы тілінің, күрделі де ұғынықты ой орамдарының, көзі ашық, көкірегі ояуға тұтас панорамалық көрініс болып көрінетін шебер суреттеулерінің бөтен бір тылсым ғаламнан келген құбылыстай көрінуі мүмкін. Мәселен, қазақ әдебиетінің үлкенді-кішілі талай қаламгерлері тақырып еткен ұлы отан соғысы, тылдағы қазақ елінің ауыр тұрмысы мен қиын тұрмыстағы халықтың психологиясы М.Мағауиннің жазуын-